

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патенттік ведомствосы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 желтоқсан N 1515. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168 U963168_ Жарлығын жүзеге асыру мақсатында , "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688 Z952688_ Конституциялық заң күші бар Жарлығына сәйкес және республиканың бірыңғай патенттік жүйесінің одан әрі жұмыс істеуі мен дамуы үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық патенттік ведомствосының негізінде Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патенттік ведомствосы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патенттік ведомствосы:

өнеркәсіптік меншік объектілерін (өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілері мен тауардың шығатын жерінің атауын) құқықтық қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізуді және өз қызметін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің келісімі бойынша жүзеге асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару органы;

барлық келісімдер, мүліктік құқықтық қатынастар, міндеттемелер мен халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ оған Қазақстан Республикасының Үкіметі жүктелген патенттік қызмет саласындағы құқықтар мен міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық патенттік ведомствосының құқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патенттік ведомствосы 1996 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық патенттік ведомствосының басқаруындағы негізгі қорлар мен басқа да мүліктерді, сондай-ақ қаржылық және материалдық ресурстарды, күрделі қаржыларды өз балансына қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің

Патенттік ведомствосын Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін төраға басқарады.

5. Төрағаға бір орынбасар ұстауына рұқсат етілсін.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің патенттік ведомствосының төрағасының лауазымы тұрмыстық қамтамасыз ету, көліктік қызмет көрсету және байланыс жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасы министрінің орынбасары лауазымына теңестірілсін.

7. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патенттік ведомствосына Қазақстан Республикасының атынан өнеркәсіп меншігі объектілеріне арналған сақтаулы құжаттарды беру тапсырылсын.

8. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патенттік ведомствосы туралы ереже жобасын әзірлеп, Үкіметке енгізсін.

9. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Патенттік ведомствосы аппаратының штат саны "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оны ұстауға арналған шығындарды қысқарту туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 21 қарашадағы N 1425 Р961425_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі бекіткен адам саны есебінен және шегінде 20 адам болып бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі